

"Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы" Жамбыл облыстық әкімиятының 2007 жылғы 29 наурыздағы № 65 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 318 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 желтоқсанда № 2427 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 326 қаулысымен

Күші жойылды - Жамбыл облыстық әкімдігінің 28.12.2015 № 326 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесін бекіту туралы" Жамбыл облыстық әкімиятының 2007 жылғы 29 наурыздағы № 65 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 1660 болып тіркелген, 2007 жылдың 12 мамырында № 74 "Ақ жол" және № 52 "Знамя труда" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының тізбесіндегі:

1 жолдағы: "18. Сасықбай", "19. Тастан" сөздері алып тасталсын;

1, 7 жолдары сәйкесінше "23. Түймекент", "5. Ащыкөл" сөздерімен толықтырылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет"

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ. Әбдірайымовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

К. Көкрекбаев